**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Балдәурен» шағын орталығы
**Топ:** «Айгөлек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06 қараша-10 қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 06.11.2023ж | Сейсенбі 07.11.2023ж | Сәрсенбі 08.11.2023ж | Бейсенбі 09.11.2023ж | Жұма 10.11.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | Міндеті: сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру. «Қайырлы таң, балабақша» Мақсаты: өз ана тілінде сәлемдесуді әдетке айналдыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. «Жылуыңмен бөліс» Мақсаты: Жағымды эмоционалды орта құру арқылы, бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алуға ықпал ету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Міндеті: Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Тәрбиеші туралы тақпақ оқып беру. Мақсаты: тақпақтарды тыңдап, не туралы айтылғанын түсіндіру.Тәрбиешіге деген жағымды сезімдерді қалыптастыру. (Қазақ тілі, көркем әдебиет) | Міндеті:Сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. «Көңіл-күйім тамаша» Мақсаты:Жағымды эмоционалды орта құру арқылы, бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алуға ықпал ету. (Қазақ тілі, көркем әдебиет) | Міндеті:Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдап және қимылдарды үйлестіру. «Топ-топ, балақан» қимылды әуенімен қарсы алу. Мақсаты:балалар арасында көңілді орта орнату, белсенді дене қимылына баулу. (Музыка, дене шынықтыру) |
| Ата-аналарменәңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. |
| Балалардың дербес | Міндеті:Командада | Міндеті:Заттарды | Міндеті:Ертегінің | Міндеті: «Мен» | Міндеті:Қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | жұмыс істей білуге дағдыландыру.<br>Дидактикалық ойын: «Дауыстап санау»<br>Мақсаты: дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.<br>(Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру) | зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу.<br>Үстел үсті ойыны: «Ғажайып тастар»<br>Мақсаты: Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.<br>(Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру) | мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылау.<br>«Маша мен аю»<br>Мақсаты: Ертегіні тыңдау,ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінугедағдыландыру.<br>Сюжетті-рөлдік ойын: «Менің досым»<br>Мақсаты: достармен тату болуға, ойыншықтарды бөлісіп ойнауға үйрету.<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Мақал-мәтелдер оқу, балаларға қайталату.<br>Мақсаты: Тілдік қорын дамыту.<br>Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>(Қазақ тілі, Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) |
| Таңертеңгіжаттығу | Қараша айыныңтаңертеңгіжаттығуларкешені (Жалпыдамытушыжаттығулар, қимылбелсенділігі, ойынәрекеті).<br>Кіріспе бөлімі:<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.<br>Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>Б. қ: «Ара ұшты»<br>Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»<br>Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. /6 рет қайталау/<br>Б.қ. : «Қайшы»<br>Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Қоян қашты» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/<br>Шеңбер бойымен жүру. | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Асың, асың, асыңа,<br>Бақыт қонсын басыңа,<br>Дастарханың мол болсын,<br>Көңіл күйің жай болсын.<br>Астарың дәмді болсын!<br>Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Денешынықтыру<br>Тақырыбы:«Епті баламын»<br>Міндеті: Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру<br>Шеңберде:<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған)<br>2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар<br>-Бірқалыпты, баяу | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Жүрудің түрлері»<br>Міндеті:Жүру.<br>Әртүрлі бағытта: тура (сапта бір-бірден, екеуден жұппен) жүру, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру:Шеңберде:<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне | Музыка<br>Маман жоспарына сәйкес. | Дене шынықтыру<br>(таза ауада)<br>Тақырыбы:«Жүруде ептілік танытамын»<br>Міндеті: Жүру. Қол ұстасып және арқаннан ұстап жүру.Шеңберде:<br>1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған)<br>2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар-Жүру<br>-Қол ұстасып жүру<br>- Арқаннан ұстап жүру(Негізгі қимылдар орындау барысында лента, кілемшелерді | Қазақ тілі<br>Тақырыбы:«Үй жануарлары»<br>Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.Шаттық шеңбері «Сиқырлы айна»<br>Сиқырлы айнадан Өзімді көремін.<br>Бақыттан жайнаған Көзімді көремін.<br>Үй жануарларымен танысайық.<br>Суретке қарап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру<br> -Аяқтың ұшымен жүру<br>-Тізені жоғары көтеріп жүру сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру (Негізгі қимылдар орындау барысында лента, кілемшелерді қолдану)Қимылды ойын: «Қоян, шырша, бүр»<br>Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» | арналған)<br>2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар<br>-Жүру<br>-Тура (сапта бір-бірден, екеуден жұппен) жүру, шеңбер бойымен жүру<br> -«Жыланша», шашырап жүру(Негізгі қимылдар орындау барысында лента,кегель, кілемшелерді қолдану)<br>Қимылды ойын:<br> « Аңдардың жүрісі»<br>Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» | | қолдану) Қимылды ойын: «Қазан»<br>«Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»<br>Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» | өздері білетін жануарларды атайды. «Төрт түлік, жылқы, түйе» т.б. сөздерді анық айтуға үйрету.<br>«Қалай дыбыстайды?»<br>Сиыр-мөңірейді.<br>Жылқы-кісінейді т.б.<br>«Төлдерін тап»<br>Адасқан төлдерді тауып, орнына орналастыру.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру) |
| Серуенгедайындық | Балалардыңдербесқимылбелсенділігіүшінжағдайжасау, спорттық – ойынжабдықтары мен спорттыққұрал-жабдықтардыдұрыспайдаланутуралыәңгімелесу.<br>Балаларды  ретіменкиіндіру (ауа-райыжағдайына  байланысты), дұрыскиінудібақылау (сөйлеудідамыту, өзіне-өзіқызмететудағдылары, іріжәнеұсақмоториканыдамыту).<br>Қатарменжұптасыпжүруді, қатардыбұзбауды  үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Серуен №6<br>Бақылау:Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.<br>Еңбек: «Біздің ойыншықтар».<br>Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)<br>Жеке жұмыс:<br>Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>Мақсаты:Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. | Серуен№7<br>Бақылау:Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>Еңбек: «Таза алаң».<br>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)<br>Жеке жұмыс:<br>Е.Өтетілеуов «Күшік».<br>Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте | Серуен №8<br>Бақылау:Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>Еңбек:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>.(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру)<br>Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. (Көркем әдебиет) | Серуен №9<br>Бақылау: Алтын күзді бақылау.<br>Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз. .(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)<br>Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр».<br>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>Еңбек: «Таза алаң»<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш | Серуен №10<br>Бақылау:Жәндіктерді бақылау.<br>Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Міне кей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла».<br>Еңбек:Біздің алаң.<br>Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс:<br>Тыйым сөздерді жаттату. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)<br>Мақсаты: «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады. (Көркем әдебиет)<br>Қимылдық ойын: «Жүзік салу»<br>Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон».<br>Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған | Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап(Көркем әдебиет)<br>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі | Ойын: «Аю жүрген орманда».<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту<br>Қимылдық ойын: «Монданақ».<br>Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Көрші».<br>Мақсаты:Балалардыңептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық | т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. (Көркем әдебиет)<br>Қимылдық ойын: «Итеріспек»<br>Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.<br>Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау.<br>(Дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б<br>Дербес ойындар:<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>Тренинг: «Құс болып ұшайық». (Дене шынықтыру) | әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып | Тренинг: «Бір шаңырақ астында». (Дене шынықтыру) | жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кетеді.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау.<br>Тренинг: «Біз біргеміз». (Дене шынықтыру)<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік». (Жапсыру,құрастыру) | | сайлайды.<br>Дербес ойындар.<br>Тренинг: «Біз татумыз». (Дене шынықтыру)<br>Топқа келіп терген жапырақтарды топтық жапсыру. (Жапсыру) | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезіндеқатарғатұрудыдағдыландыру. Асықпайбір-бірін итермейжүрудіүйрету. Топтакиетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып, киюінүйрету. ( дербесойынәрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Сабынмен қолдарынсабындап, киімдерінсуламай жуыну. Өзініңжекесүлгісінтани білудіүйрету. Сүлгінідұрысқолданудыдамыту, орнынаіліпқоюынқалыптастыру.Тамақтанукезіндеорындықтатікотыру. Астыңдәмдіболуынтілеу. Тамақтыдұрысішу. Қасықтыдұрысұстау, майлықтықолдану ,нанқиқымыншашпай, сорпаменсусынынтөкпейішудіүйрету. (мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті) | | | | |
| Күндізгіұйқы | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет;<br>Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру);<br>Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау);<br>Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу); | | | | |
| Біртіндепұйқыданояту, Сауықтырушаралары | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет;<br>Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту);<br>Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау);<br>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру); | | | | |
| Бесін ас | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)<br>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану) | | | | |
| Балалардыңдербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқараужәнетағыбасқаәрекеттер) | Дидактикалық ойын: «Кім зейінді?» Мақсаты:Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Міндеті:Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.(құрастыру) «Шаштараз» ойыны «Шаштаразшының құралдары» Міндеті:Балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) | «Хайуанаттар бағы» үстел ойыны Дидактикалық ойын: «Зообақтағы жануарлар» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті:Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Боямақты бояу. | «Жоғалған пішіндер» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті:Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) «Конструктор» құрылыс ойыны Мақсаты:Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.(құрастыру) | «Дәрігер» ойыны Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалану,мүсіндеуге үйрету. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру) | «Сиқырлы қалта» ойыны Мақсаты:Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Міндеті:Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру) «Қолымда не жасырдым?» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті:ойдан заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) |
| Баламен жеке жұмыс | Сафияға суреттегі жануарлардың атын атай алуға, тануға үйрету. | Арыстанға шағын әңгімелерді мұқият тыңдай білуге үйрету. | Рафхатова К.Өсімдіктер мен жаннуарларға қамқорлық жасауға | Томириске дайын сұлбаны тиянақты аяқтай білуге үйрету. | Русланқызы К. 2-3 сөзден тұратын тіркестерді қолданып, сөйлем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | баулу. | | құрауға үйрету. |
| Серуенгедайындық | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен | Серуен №6 Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. | Серуен №7 Ауа-райын бақылау. | Серуен №8Күзгі жапырақтарды бақылау. | Серуен №9Алтын күзді бақылау. | Серуен №10Жәндіктерді бақылау. |
| Балалардың үйге қайтуы | Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |